

БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайын одан өрі дамытудың негізгі бағыттарының бірі халықтың тұрмыс-салтын, мәдениетін, рухани тіршілігін жақсартып, өндірістің көлемін ұлғайту болып табылады. Қазіргі білім саласындағы жаңа реформаға сай кәсіптік бағдар беру мақсатында мектептерде үгіт-насихат жұмыстары арқылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұйымдастыруымен мектеп түлектеріне алдын ала кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Мұндағы басты мақсат түлектер мен талапкерлерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу арқылы мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру болып табылады. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне түскен талапкерлердің, мемлекеттік білім грант иегерлерінің жалпы санының артып келе жатқандығын осы жұмыстардың нәтижесі деп білген жөн.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында оқытушылардың тобынан арнайы команда құрылды. Оның құрамында «Өсімдік шаруашылығы және егіншілік» кафедрасының доценті Т.А.Тұрғанбаев, «Морфология және физиология» кафедрасының доценті М.М.Саденов, «Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының доценті Ғ.С. Ожонов, «Мұнай газ кен орындарының игеру және пайдалану» кафедрасының аға оқытушысы С.З. Ахметжан, «Өсімдік шаруашылығы және егіншілік» кафедрасының аға оқытушысы М.Қ. Мусина, «Экология және табиғатты пайдалану» кафедрасының аға оқытушысы С.М. Кабаева болды.

Иссапарымызды 12 қаңтар күні алдымен Ақтөбе облыстық білім

басқармасынан бастадық. Облыстық білім басқармасының бастығы Ж.А.Самұратовамен бірге облыстық коллегияға қатысып, барлық аудандардың білім бөлімдерінің меңгерушілерімен кездесіп, мақсатымыздың мән-жайын түсіндірдік. Ақтөбе қаласына іргелес ауылдар мен аудандарда кездесулер өткізу жөнінде бағыт-бағдар дайындалып, Мартөк, Алға, Қобда, Ойыл, Мұғалжар, Шалқар, Темір, Байғанин аудандарын және Ақтөбе қаласындағы мектептер мен арнаулы орта білім беру мекемелерін аралау жөнінде шешім қабылданды.

Сапар барысында университетіміздің тапсырмасы бойынша, аудандық әкімдермен кездесіп, іс-сапар мақсатымен пікір алмастық. Өздерінің еңбек саласындағы көп жылдық тәжірибесін пайдалана отырып, осындай жұмысқа ұйытқы болған аудандық әкімдер мен білім бөлімдерінің меңгерушілері егер де барлық мектептерде осындай дайындық жұмысы жүргізілсе, оқушылардың білім деңгейін арттыруға және тәжірибе жинақтауға қомақты үлес қосары сөзсіз екенін айтып өтті. Сонымен қатар, ауылшаруашылық іс шараларына Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да оқып

жүрген студенттерді оқу-тәжірибелік машықтануға, аграрлық бағыттағы мамандарды жұмысқа қабылдауға дайын екендігін ескертті.

Білім беру саласының басты міндеті – білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуы және әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуі үшін жоғары білікті мамандарды дайындау.

Нарықтық экономика тұсында елімізді жоғары және сапалы өнімдермен қамтамасыз ету үшін жан-жақты әрі білімді, тәжірибесі мол мамандардың қажеттілігі артуда. Бүгінгі күнде Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті батыс аймақтағы ауылшаруашылық және өндірістік, экономикалық салалары үшін жоғары білімді мамандарды дайындайтын жалғыз ғылыми орталық болып саналады. Университет өзінің 50 жылдық қызметінде республикамызға және шектес елдерге танымал болды. Еліміздің білімінің, мәдениетінің және ғылымының дамуына үлкен үлес қоса отырып, Қазақстанның батысындағы төрт облыстың экономикасы үшін көптеген мамандарды дайындап шығарды.

Кәсіптік бағдар беру барысында университетіміздің студенттері де өз үлестерін қосып, белсенділік танытты. Атап айтатын болсақ, агрономия факультетінің «Азық-түлік тағамдарын өңдеу технологиясы» мамандығының 3-ші курс студенті Қалдыбаева Ақбаян университетіміздің материалдық-

техникалық базасын, білім беру сапасын және студенттік өмірдің қызықты қыр-сырларын айтып, болашақ талапкерлерді тарта түсті. Мектеп оқушылары өздерінің алдына қойған мақсаттарына жетуге қажетті толық мәліметтер алғанын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Иссапар кезінде мен қазіргі жастарымыздың оқуға, жаңаша білім алуға деген ынта-жігерлері жоғары екендігін көріп риза болдым. Оларды Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің мамандықтарын таңдай отырып, туған жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге өз үлестерін қосуға шақыра отырып, туған ел мен жерге деген сүйіспеншіліктері шексіз, жетістіктері көп болсын деген ниеттен мынадай өлең туған еді:

Жазығы жайнаған кең далам,
Еліме байлығын сыйлаған.
Жәңгірдей болайық дана адам
Елінің болашағын ойлаған.
Елім деп ертеңге көз салсақ,
БҚАТУ-дан басталады бар қадам.
Білімнің нәрімен сусындап жас түлек
Қырандай қалықтап, ұшады әр маман.
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ еліміздің
экономикасының дамуына жол бастайтын
және ғылыми-техникалық прогресті
жылжытатын күш болып қана қоймай,
заман талабына сай халықаралық білім
деңгейінде сұранысқа ие мамандарды
дайындайтын білім ордасы болып қала
бермек.

Ғ.ОЖАНОВ,
«Механикаландыру технологиялары және жерге орналастыру» кафедрасының доценті